

ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңестің
№ 1 хаттамасы

«28» тамыз 2025 ж.

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы
2. Жаз мезгілінің есебі
3. МДҰ –ның үлгілік оқу жоспарымен үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру
4. Топтардың перспективалық жоспарын бекіту

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Мухамбетова Замзагуль Борисовна сөз сөйледі. Балабақша ғимаратына жаз мезгілінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ғимарат жаңа оқу жылына дайын.

2024-2025 оқу жылында балабақшамыз 7 топты қамтып, барлығы -- бала тәрбиеленіп отыр. 7 топқа барлығы -- тәрбиеші жұмыс жасайды.

Екінші мәселе бойынша 2025 – 2026 оқу жылындағы білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хатпен таныстырылды. Биылғы жылдың негізгі ерекшелігі тәрбие жұмысында ұлттық құндылықтарға ерекше назар аудару, «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру, «Жасыл балабақша» жобасын іске асыру, Қауіпсіздік пен отбасы құндылығын басты назарға қою деді. 2025 жылы 26 мамырда шыққан №123 бұйрық негізінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын негізге алынғандығын, биылғы жылы 6-Құндылықтарға құзыреттілік қосылғаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері сөз алып, өз топтары бойынша қандай жұмыс жасалғандығы туралы атап өтті.

Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоционалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау. Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзарды. Сауықтыру жұмыстарының жүйелі өткізу:

- әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасау;-бала өмірін қызықты және мазмұнды ету;
- құрдастармен және ересектермен қарым –қатынаста жұмыс жасауға үйрету;
- дене және психикалық денсаулығын нығайту,
- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік береді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:

- балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту;
- балалардың спорттық іскерліктерін дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.

Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді.

Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.

Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары жасалынды. Тәрбиешілермен бірге балалардың қорғау күніне "Бақытты балалық шақ", "Алақай жаз келді", "Көңілді старт", спорттық ойын-сауық, "Менің туған өлкем" тас жолда сурет салу көрмесі, "Менің сүйікті ертегім", "Ертегіде қонақта", "Ертегілер еліне саяхат" қуыршақ театры, "Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз", "Ережені білейік, аман-есен жүрейік!" танымдық ойын сауық", "Астана-арман қала", "Су атасы Сүлеймен күні", "Менің сүйікті балабақшам," шаралары өткізіліп, балалар үшін қызыты мереке болды, қимылды ойындар мен спорттық жарыстар барысында ойынға қатысушылар өз ептіліктерін және мықтыларын көрсетіліп балалар осы шараларға белсене қатысты.

Жаз мезгілде сауықтыру және шынықтыру шараларын өткізуге мүмкіндік көп. Тәрбиешілер жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстарында ауызды шаю, қолды жуу, ауа және күн ванналарын қабылдау, саяжайда жалаң аяқ жүру сияқты шынықтыру шаралары күнделікті жүргізілді.

Қимылды ойындар қолданып балалардың белсенді ойын ойнады. Күн ыссы уақытта балалар ағаштардың көлеңкесіндегі жолдармен жүгіріп шынықтыру және тыныстау гимнастикасының кешенін орындады. «Денсаулық» білім бойынша дене шынықтыру,қауіпсіз мінез-құлық негіздері, бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған,олар: таза ауада дене шынықтыру,ертеңгілік жаттығулар,спорттық ойын-сауықтар, серуен, серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері, ұйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру, су процедуралары. Сондықтан ойын кезінде баланың денесін дұрыс ұстауын, аяғын түзу басуын қадағалаған дұрыс. Қысқы ойындарда бала шанамен ойнағанды, қар ұстап ойнағанды жақсы көреді. Жаз, күз мезгілінде саябаққа барғанды ұнатады: жапырақ жинау, маусымдық киіммен, мысалы, аяғында ботинка, үстінде күртемен жүгіру қимылды қиындатары белгілі, бірақ ойын баласы оны жеңуге ұмтылады. Бала бойында осылай қимыл қозғалыста төзімділік, ептілік, ширақ қимыл дамиды. Бұлардың барлығы да денені шынықтыруға жатады. Ауа райы қандай болса да таза ауда болу пайдалы.

Жаз мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. ата-аналар бұрышындағы жазғы

мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануы да қадағалауда болады. Ас мәзірінің құнарлылығы, сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталады. Жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітіледі. Дұрыс отыру, тағамдарды ретімен жеу, үстел үстінде өзін дұрыс ұстай білуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасады

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Мухамбетова З.Б барлық топтар бойынша перспективалық жоспарлар тексерілгендігін, олардың талапқа сай жазылғандығын атап өтіп, бекітілетіндігін айтты.

Шешім:

1. Балабақшаның 2025 – 2026 оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Топтар тәрбиешілері ай сайынғы циклограммаларын құру барысында 2025 - 2026 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат негізге алынсын.

Білім беру ұйымының басшысы



Мухамбетова

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

**ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы
№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

«11» қараша 2025 ж.

Қатысқандар: 15

Тақырыбы: «Білім беру процесінде инновациялық технология қолдану»

Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және басқа педагогикалық құрам.

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау.
2. «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама.
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация).
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» шеберлік сыныбы.
5. «Бірлік және ынтымақ» айының есебі.

1-мәселе бойынша Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау Әдіскер өткен педагогикалық кеңесте берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы толық есеп берді. Әсіресе балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған ойын әдістерін енгізу бойынша жұмыстарды атап өтті. Барлық топтарда тіл дамыту бұрыштары жабдықталып, көрнекілік материалдар толықтырылды. Сонымен қатар ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылып, олардың белсенділігі артқаны айтылды.

2-мәселе бойынша «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама

Тыңдалды: Тәрбиеші Оралова Назерке Баяндаушы ойынның бала өміріндегі рөліне тоқталып, ойын технологияларының балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, қимыл-қозғалысын және қарым-қатынасын дамытудағы маңызына тоқталды. «Сюжетті-рөлдік ойындар», «Қимылды ойындар», «Дидактикалық ойындар» тәжірибеде кеңінен қолданылып жүргенін мысалдар арқылы көрсетті. Тәрбиешілер тәжірибелерін бөлісіп, әр топтағы балалардың қызығушылығына байланысты ойындарды түрлендіру қажеттігін атап өтті.

3-мәселе бойынша Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация)

Тыңдалды: Әдіскердің презентациясы.

Презентация барысында инновациялық технологиялардың түрлері (ақпараттық-коммуникациялық, жобалау, дамыта оқыту, ойын арқылы оқыту) кеңінен талқыланды. Балалардың жас ерекшелігіне қарай әр технологияны қолданудың тиімді әдістері ұсынылды.: Педагогтар АКТ-ны (интерактивті тақта, смарт-құралдар, мультимедиялық бағдарламалар) кеңінен қолдану қажеттігін атап өтті.

4-мәселе бойынша Шеберлік сыныбы

Өткізген: Жас топ тәрбиешілері

Шеберлік сыныбында балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар көрсетілді. Мысалы:

«Мақтаны қыстырғышпен жинау»;

«Құм ішінде жасырылған ойыншықты табу»;

«Мозаика құрастыру».

Бұл ойындар балалардың саусақ бұлшық етін дамытып қана қоймай, зейінін, шыдамдылығын және ұқыптылығын тәрбиелейді.

5-мәселе бойынша «Бірлік және ынтымақ айының есебі»

Тыңдалды: Әдіскер мен тәрбиешілердің есебі.

Балабақшада өткізілген іс-шаралар баяндалды:

«Достық әлемі» атты сурет көрмесі;

«Бірлік пен татулық» тақырыбында ашық сабақтар;

Ата-аналармен дөңгелек үстел;

Серуен кезінде топаралық достық ойындары.

Балаларда достыққа, бір-біріне қолдау көрсетуге, мейірімділікке деген көзқарас қалыптасты.

Педагогикалық кеңес барысында инновациялық технологияларды қолдану, ойын әдістерін жетілдіру, балалардың ұсақ моторикасын дамыту жолдары қарастырылып, «Бірлік және ынтымақ» айының қорытындысы тыңдалды.

Шешім:

Барлық тәрбиешілер инновациялық технологияларды күнделікті оқу процесіне енгізсін.

Әдіскер педагогтарға әдістемелік көмек көрсетсін.

Ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыстар жалғастырылсын.

Ұжымның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында алдағы уақытта семинарлар, тренингтер ұйымдастырылсын.

Білім беру ұйымының басшысы



А.Т.Ә.

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

«Samira» бөбекжай-балабақшасы
№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

«15» қаңтар 2026 ж.

Қатысқандар: 15

Өткізілген орны: АКТ зал

Өткізу нысаны: Озық педагогикалық жұмыс тәжірибесінің презентациясы

Тақырыбы: «Педагогикалық ассамблея»

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене тәрбиесі нұсқаушысы, педагог-психолог, логопед.

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері
2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері
3. «Жасыл балабақша» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту»
5. «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту»
6. Әділдік пен жауапкершілік айының есебі

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы баяндама жасады. Баяндамада тәрбие-оқу процесінде ойын технологияларын қолдану, құжаттаманы сапалы жүргізу, балалардың даму мониторингін уақытылы толтыру және ата-аналармен өзара байланыс жұмыстарын күшейту бойынша атқарылған іс-шаралар атап өтілді.

Педагогтар жоспарланған жұмыстардың басым бөлігі жүйелі түрде орындалғанын, кейбір бағыттар бойынша (құжаттарды рәсімдеу, ата-аналармен кері байланыс) қосымша әдістемелік қолдаудың қажет екені айтылды.

СӨЗСӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер өз топтарында орындалған жұмыстарға қысқаша талдау жасады.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері

Тыңдалды:

Әдіскер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес үлгілік оқу бағдарламасының меңгерілу деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг қорытындысында балалардың тілдік, танымдық, әлеуметтік-эмоциялық және физикалық даму көрсеткіштері талданды.

Көпшілік топтарда балалардың бағдарламалық талаптарды меңгеру деңгейі жас нормасына сай екені анықталды. Сонымен қатар жекелеген балалармен түзету-дамыту жұмыстарын күшейту қажеттігі атап өтілді.

СӨЗСӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагог-психолог пен логопед мониторинг нәтижелері бойынша ұсыныстарын білдірді.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

«Жасыл балабақша» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар

Тыңдалды:

Жауапты педагог «Жасыл балабақша» жобасы аясында өткізілген іс-шаралар туралы есеп берді. Экологиялық тәрбие бағытында ұйымдастырылған бақылаулар, тәжірибелік жұмыстар, өсімдіктерді күту, қалдықтарды сұрыптау, экологиялық ойындар мен акциялар туралы ақпарат ұсынылды.

Балалардың табиғатқа деген жауапкершілігі мен қамқорлық дағдыларының қалыптасуына оң әсер еткені атап өтілді.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту»

Тыңдалды:

Тәрбиеші тіл дамытуда қолданылатын ойын технологиялары бойынша озық тәжірибесін презентация арқылы таныстырды. Баяндамада дидактикалық, қимылды, сюжеттік-рөлдік ойындардың балалардың сөздік қорын байытуға, байланыстырып сөйлеуін дамытуға ықпалы көрсетілді.

Практикалық мысалдар ұсынылып, балалардың белсенділігі артқаны атап өтілді.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

«Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту»

Тыңдалды:

Педагог танымдық құзыреттілікті дамытуда қолданылатын ойын түрлерін таныстырды. Логикалық, зерттеу-ізденіс, сенсорлық ойындардың балалардың ойлау, салыстыру, талдау қабілеттерін арттыратыны баяндалды.

Балалардың өздігінен шешім қабылдау дағдыларының қалыптасуы ерекше атап өтілді.

6-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

Әділдік пен жауапкершілік айының есебі

Тыңдалды:

Жауапты педагог «Әділдік пен жауапкершілік» айы аясында өткізілген іс-шаралар туралы есеп берді. Балалардың мінез-құлқында адалдық, жауапкершілік, өзара сыйластық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған ойындар, әңгімелер, көрмелер мен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылғаны атап өтілді.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Педагогикалық кеңес күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды бірауыздан қабылдады.

- 1.Мониторинг нәтижелерін педагогикалық қызметте басшылыққа алу.
- 2.Жеке даму көрсеткіштері төмен балалармен мақсатты жұмыс жүргізу
- 3.«Жасыл балабақша» жобасын жүйелі түрде жалғастыру.
- 4.Экологиялық бағыттағы іс-шараларды оқу-тәрбие процесіне кеңінен енгізу.
- 5.Ата-аналарды экологиялық акцияларға тарту.

Білім беру ұйымының басшысы



А.Т.Ә.

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

**ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы
№ 4 Педагогикалық кеңес хаттамасы**

«16» ақпан 2026 ж.

Қатысқандар: 15

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру»

Өткізу нысаны: сұхбат

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, педагогтер

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер» (презентация)
3. Ата-ана консультативті бұрышының жұмыс жасау есебі
4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация)
5. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының есебі

Тыңдалды:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау

Жиналыс барысында алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы қарастырылды. Әдіскер педагогтердің жоспарланған іс-шараларды уақытылы орындағанын, оқу-тәрбие процесінде жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

Педагогтер тарапынан балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілгені байқалды. Алайда кейбір топтарда жоспарланған іс-шаралардың толық орындалмауы, уақытты тиімді жоспарлау қажеттілігі анықталды. Осыған байланысты педагогтерге жұмыс сапасын арттыру, жоспарлау жұмыстарын нақтылау ұсынылды.

2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер» (презентация)

Бұл мәселе бойынша әдіскер презентация жасап, балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерге тоқталды. Балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, диалогтық қарым-қатынасқа үйрету, өз ойын еркін жеткізуге жағдай жасау қажеттілігі айтылды.

Тәжірибеде қолданылатын әдістер ретінде рөлдік ойындар, дидактикалық ойындар, әңгімелесу, сахналау, топтық жұмыстар ұсынылды. Сонымен қатар, балалардың бір-бірімен және ересектермен еркін қарым-қатынас жасауына жағдай туғызу педагогтің негізгі міндеттерінің бірі екені атап өтілді.

3. Ата-ана консультативті бұрышының жұмыс жасау есебі

Ата-аналарға арналған консультативті бұрыштың жұмысы туралы есеп тыңдалды. Бұрышта ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар, кеңестер, жадынамалар, балалардың даму ерекшеліктері туралы мәліметтер орналастырылғаны айтылды.

Ата-аналар тарапынан ұсынылған материалдарға қызығушылық бар екені, оларды пайдалану арқылы бала тәрбиесіне қатысты білімдерін толықтырып отырғаны байқалды. Дегенмен, ақпаратты үнемі жаңартып отыру, мазмұнын байыту қажеттілігі атап өтілді.

4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация)

Бұл мәселе бойынша педагогтерге балалармен тиімді қарым-қатынас орнату жолдары ұсынылды. Баламен сөйлесу мәдениеті, оны тыңдай білу, эмоциялық қолдау көрсету, жағымды орта қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Сонымен қатар, тәрбиешілерге баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, оны мадақтау, сенім білдіру, жағымсыз әрекеттерді жұмсақ түрде түзету тәсілдері ұсынылды. Педагогтің сөйлеу мәнері мен мінез-құлқы балаларға үлгі болатыны ерекше атап өтілді.

5. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының есебі

Тәуелсіздік пен отаншылдық айы аясында өткізілген іс-шаралар туралы есеп ұсынылды. Балаларға патриоттық тәрбие беру мақсатында түрлі тәрбиелік іс-шаралар, тақырыптық сабақтар, мерекелік кештер, көрмелер ұйымдастырылғаны айтылды.

Балалар мемлекеттік рәміздермен танысып, Отанға деген сүйіспеншілік, құрмет сезімдерін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне сай, қызықты әрі мазмұнды өткендігі атап өтілді.

Шешім :

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын, кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер педагогтердің күнделікті тәжірибесінде жүйелі қолданылсын.
3. Ата-ана консультативті бұрышының мазмұны үнемі жаңартылып, ата-аналармен кері байланыс күшейтілсін.
4. Тәрбиешілер балалармен қарым-қатынас орнатуда ұсынылған әдістерді тиімді пайдалансын.
5. Патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

Білім беру ұйымының басшысы



А.Т.Ә.

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

«Samira» бөбекжай-балабақшасы
№ 5 Педагогикалық кеңестің хаттамасы

«29» мамыр 2026 ж.

Қатысқандар: 15

Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел

Қатысқандар: Балабақшаның педагогикалық ұжымы (тәрбиешілер, психолог, әдіскер).

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.
2. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есеп.
3. Балалардың даму деңгейінің психологиялық диагностикасы.
4. Тәрбиешілерді жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. Жоспар мен күн тәртібін бекіту.

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Баяндамашы: Әдіскер Мұхит Жансая

Ол № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Өткен кеңесте берілген тапсырмалар (дидактикалық материалдарды жаңарту, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу, ата-аналармен жұмысты жандандыру) өз мерзімінде және толық көлемде орындалғанын атап өтті. Тәрбиешілердің жұмыс сапасы бақыланып, алдыңғы қабылданған қаулылар негізінде оң нәтижелерге қол жеткізілген.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Баяндамашы: -----

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын балалардың игеру деңгейіне жасалған оқу жылының қорытынды (қорытынды бақылау) мониторингінің нәтижелері оқылды. Балалардың бес білім беру саласы («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») бойынша дағдыларды меңгеру динамикасы сөз болды. Жыл басымен салыстырғанда балалардың төмен деңгейі азайып, жоғары және орта деңгейлерінің өскені, бағдарламалық материалдың толық қамтылғаны айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Баяндамашы: -----

Оқу жылының соңында балалардың танымдық процестері (есте сақтау, зейін, қабылдау, ойлау) мен эмоционалды-ерік жігерінің даму деңгейіне жүргізілген психологиялық диагностика қорытындысымен таныстырды. Әсіресе, мектеп алды даярлық топтарындағы балалардың мектепке психологиялық дайындығы жоғары деңгейде екенін, тәрбиешілермен бірлескен жұмыстың арқасында балалардың бейімделу (адаптация) кезеңдері жеңіл өткенін атап өтті. Күйгелек немесе тұйық балалармен жүргізілген түзету жұмыстарының оң нәтиже бергені айтылды.

4. Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:

Баяндамашы: -----

Педагогикалық ұжымды алдағы жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен, жазғы кезеңдегі ерекшеленген күн тәртібімен және бекітілген нұсқаулықтармен таныстырды. Жаз айларында негізгі екпін балалардың денсаулығын нығайтуға, шынықтыру шараларына, таза ауадағы ойындар мен саяхаттарға, спорттық және мәдени іс-шараларға қойылатынын жеткізді. Жазғы күн тәртібінде балалардың таза ауада болу уақыты ұзартылып, сумен, ауамен, күн көзімен шынықтыру жұмыстары жоспарланған.

Педагогикалық кеңестің ШЕШІМІ (ҚАУЛЫСЫ):

1. Алдыңғы (№ 4) педагогикалық кеңестің шешімдері «толық орындалды» деп есептелсін және бақылаудан алынсын.
2. Оқу жылының қорытындысы бойынша Үлгілік бағдарламаны игеру мониторингінің нәтижелері бекітілсін. Оқу жылындағы тәрбие-білім беру жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын. Мониторинг барысында анықталған төмен деңгейдегі балалармен жазғы кезеңде жеке жұмыстар ұйымдастырылсын.
3. Психологтың балалардың даму деңгейіне жасаған диагностикалық есептері назарға алынсын. Мектепке баратын балалардың мінездемелері мен психологиялық карталары дайындалып, ата-аналарға тиісті кеңестер берілсін.
4. "Самира" бөбекжай-балабақшасының 2026 жылғы жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспары мен жазғы күн тәртібі **бекітілсін**. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау тәрбиешілер мен балабақша қызметкерлеріне жүктелсін.

Білім беру ұйымының басшысы



А.Т.Ә.

А.Т.Ә. (болған жағдайда)